5 желтоқсан - Халықаралық волонтерлар күні! Әлеуметтік педагог С.Шаймаханова колледжіміздің ерікті жастарымен Төле би ауылы, Кылышбай 226 үйдің тұрғыны Жамилия апайдың ауласындағы отынын жарып, ағаштарын бұтап, қоқыстан тазартып берді. Қарияларымыз аман болсын! Қайырымды іс жасасаң, қайырын өзің көрерсің!

5 желтоқсан - Халықаралық волонтерлар күніне колледждің дене тәрбиесі пәнінің оқытушысы А.Махамадиева мен ерікті жастары "Әулиеата жастары" өңірлік бағдарламасы аясында әр азамат өз ауласы мен көшесін таза ұстауға бейімдеу, салауатты өмір салтын ұстануға және жастарды еңбексүйгіштікке баулу мақсатында ұйымдастырылған "ТАЗА ҚАЛА" атты тазалық жарысына белсене қатысқан "Дауыл" тобы I орын, ақшалай 100 мың теңге, Шу қаласының әкімі Е.Нуралиевтің арнайы дипломымен марапатталды.

6.12.2023 желтоқсан әлеуметтік педагог С.Шаймаханова «Отбасындағы бейбітшілік, зорлық-зомбылықсыз қоғам» 1 курс студенттеріне бейнеролик көрсетіп, гендер, дискриминация, зорлық-зомбылықтың түрлеріне сипаттама беріп, сенім телефондары туралы ақпарат беріп өтті. Жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен "Жақсылық жасап жарысайық" атты ерікті жастар акциясына №10 Шу колледжінің әлеуметтік педагогы мен ерікті студенттері қарттардың ауласын сыпырып, ағаш жару, үй шаруаларына қолғабыс етті. Қария жастарға алғысын айтты.

"Таза Қазақстан" республикалық экологиялық акция аясында №10 Шу колледжінің әлеуметтік педагогы мен ерікті жастары Төле би ауылындағы орталық саябақта тазалық жұмыстарын жүргізді.

Мақсаты: жас ұрпақты Отансүйгіштікке, табиғатты қорғауға, қоғамдық орындардағы тазалықты сақтауға

деген

көзқарастарын

өзгерту. <https://www.facebook.com/share/v/FgNyySJEZnX43dG9/?mibextid=oFDknnk>

30.04.2024 сәуір күні колледждің әлеуметтік педагогы мен ерікті жастары "Жақсылық жасай білейік" Төле би ауылының тұрғындары Ақжолова Сейткуль, Жугенов Бахытбай жалғызбасты қариялардың үй шаруасына, ауласындағы шөптерді шауып, тазалық жұмыстарын жүргізді. Жақсылық жасасаң, қайырын өзің көрерсің. Көмекке 10 студент жұмылдырылды.

23.05.2024 мамыр күні №10 Шу колледжінің волонтер жастарымен "Ігі істің бастамасы" бойынша әлеуметтік педагог С.Шаймаханова волонтерлік топтар мен ұйымдар арасында деректерді тізілімге енгізу бойынша ақпараттық-түсіндіру, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді.

5.3 «Инабатты қыздар» кеңесінің жұмысы

«Инабатты қыздар» кеңесінің мақсаты: Колледждегі әрбір қыз баланы, ибалылық сақтауға баулу, адамгершілік, имандылық, эстетикалық тәбие беру.

Қыз балалардың мінез-құлқын тәрбиелеу бойынша жұмыс оларды нәзіктікке баулу, отбасындағы алатын орны, ептілік пен шеберлік қалыптастыру, сондай-ақ қыздардың сұлулық, махаббат, жақсы қарым-қатынастар сияқты ұғымдармен таныстыруға бағытталған. Гигиеналық жағынан қыз балаларға жыныстық жетілу кезеңінде өздерінде болып жатқан физиологиялық және психоэмоционалдық өзгерістерді түсіндіріп, жеткізе білу. Бұл қыз балалардың қамқорлық, ниет білдіру, жан жылулығы, аяушылық білдіруге тән белгілі бір сезімдерді бастан кешіруіне жағдай жасауға байланысты ұйымдастырылуда. Тек қана рухани тұрғыдан емес қыздарымызды ұлттық киім үлгісін және шаш өруге, мәдинеттілікке үйрету ескеріледі.

Колледждегі қыз балалардың тәрбиесіне, оларда заман талабына сай әйел идеалын қалыптастыруға және мінез-құлық критерийлерін нақты айқындауға ерекше көңіл аудару қажет. «Инабат» қыздар клубының құрамы:

Кулыбекова Ж. М. – оқытушы, клуб жетекшісі.

Мүшелері:

Биралиева А

педагог-психолог

Жалпы қыздар саны: 99 оқушы

1 курс бойынша - 34

2 курс бойынша - 29

3 курс бойынша - 36

«Инабат» қыздар клубының 2023-2024 оқу жылына арналған жоспары бекітілген.

Осы жоспар бойынша жұмыс жүргізіледі.

Жоспар бойынша айына 1 рет қыздар жиналысы өткізіледі.

Қыркүйек айының 22 –де колледжге жаңа түскен студент қыздармен танысу, «Тазалық, тәртіп- басты талап» атты қыздардың жеке бас гигиенасы туралы және «Ерте жүктіліктің алдын –алу» шаралары бойынша жиналыс өткізілді. Жиналысқа колледж медбикесі Нүфтиева Роза қыздарға ақыл-кеңесін берді. Әр жүргізілген жиналыс колледждің әлеуметтік парақшасына салынып отырады.

Қазан айының 27-де қыздардың бойында әдептілік қасиеттерді тәрбиелеу мақсатында жиналыс өткізілді. Онда «Бүгінгі бойжеткен, ертеңгі ана» деген тақырыпта баяндама оқылып, «Қыздарға арналған 40 кеңес» тақырыбында сұрақ-жауап әдісі арқылы тұщымды кеңестер берілді.

Қараша айының 24-де «Ерте отбасы құрудың оңы мен солы» және «Ерте жүктіліктің

алдын алу»тақырыптарында Шу аудандық орталық емханасының акушер гинекологымен кездесу ұйымдастырылды.

Желтоқсан айының 22 –де «Қыз сұлуылығы қылығында,ақылы мен даналығында» тақырыбында әңгімелесу жүргізілді.

Қаңтар айының 29 -да тақырыбында колледж медбикесі және денсаулық сақтау орталығының бас маманы Е.Әлмешпен кездесу өткізілді.

Ақпан айының 26 -да «Салауатты өмір салтымыз» тақырыбында жиналыс өткізіліп, колледж медбикесі,кол қыз баланың гигиенасы туралы кең мағлұмат берді.

Наурыз айының 1 күні колледждің қыз балалары арасында «Қыз өссе-елдің көркі»тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Наурыз айының 6-да «Ерте жүктіліктің алдын алу»тақырыбында Шу аудандық орталық емханасының акушер гинекологымен кездесу өткізілді.

Сәуір айының 5-де колледж қыздарымен «Ішімдік ішу,шылым шегу,нашақорлық» тақырыбында колледж медбикесі Нүфтиева Р баяндама жасады.

Мамыр айының 23-де колледж медбикесі Р.Нүфтиева «Ерте жүктіліктің алдын алу», «Қыз баланың жеке гигиенасы »тақырыптары бойынша статистикалық мәліметтерді баяндап, колледж психологы А.Биралиева «Ерте жүктілік немен қауіпті?»деген сауал төңірегінде ой қозғап,клуб жетекшісі Ж.Кулыбекова «Ерте жүктілік себептері мен салдары »атты арнайы бейнеролик көрсетіп, жасөспірімдер арасында ерте жүктіліктің алдын алу бойынша кеңес берді.

5.4 Дене шынықтыру мен спортты дамыту, үйірмелер

Оқу жылының басында жастар арасында бұқаралық спортты дамыту және білімгерлердің бос уақытын тиімді өткізумақсатындабілімгерлердің түрлі спорттық секцияларғақатысуыңқамтамасызету үшін әр топ жетекшілер тарапынан қатысатын білімгерлердің тізімі анықталып бекітуге ұсынылады.

Жастар арасында бұқаралық спортты дамыту мақсатындаспорттың 4 түрінен (футбол, волейбол, баскетбол,шахмат-шашки) секциялар жұмыс жүргізіледі және білімгерлердің бос уақытын тиімді өткізу барысында клубтар мен үйірмелер жұмыс жүргізіліп оған 80-85 –студенттер тартылды. Атап айтсақ :«Инабатты қыздар »,«Қайсар ұлдар»,«Саналы ұрпақ»,«Шын жүректен еріктілер»,«Парасат» дебат клубы,«Салауатты өмір салты орталығы» ,«Наркобекет» т.б.үйірмелері.

Осы аталған клубтар мен үйірмелердің тиімді жұмыс істеуініңарқасында колледж білімгерлері мен оқытушыларының бірлесе отырып жастар тәрбиесін қалыптастыру және патриоттық тәрбиені жақсарту мақсатында жоспарланған мәдени іс-шаралары өз деңгейінде өткізілуде.

Білімгерлердің бос уақытын ұйымдастырылуы (колледждегі немесе колледжден тыс үйірме, спорттық секцияларға тартылғандар саны).

№	Жалпы колледж студентт	Соның ішінде спорт	Спорт клубтары ның	футбол	волейбол	баскетбол	шахмат-шаш	%
---	------------------------	--------------------	--------------------	--------	----------	-----------	------------	---

	ерсаны	секция сы на қатыса ты ндарсан ы	жалпы саны				ки	
	1	2	3	4	5	6	7	8
2023- 2024оқу жылы	353	195	4	75	65	33	22	55%

Р/с	Білімгерлердіңбос уақытының ұйымдастырылуы	2023-2024оқу жылы
1	Спорт секциясы	195
2	Би үйірмесі	60
3	Наркобекетүйірмесі	33
4	Босбілімгерлер	65
Жалпы		353

р/с	Жарыстың атауы	Аудандық жетістіктер	Жарыстүрі	Жарысты ң өтілген уақыты	Орын
1	Батыр Амангелді Имановтың 150 жылдығына орай волейбол спорт түрінен қыздар арасында Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттер арасындағы ұлттық спорт лигасы	аудандық	волейбол	2023жыл	III
2	Шу ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Бұқаралық спорттық іс-шаралар өткізу орталығы» Жамбыл облысының 85 жылдығы және «Достық керуені» этнос жастар арасында ұлттық спартакиада	Аудандық	арқан тарту,ләңгі тебу,асық ату,гір тасын көтеру,қол күрес	2024жыл	II

р/с	Жарыстың атауы	Облыстық жетістіктер	Жарыстүрі	Жарыстың өтілген уақыты	Орын
1	Жастар нашақорлыққа қарсы ұранымен Жамбыл облысы студенттері арасындағы Jastar Fest-2023 облыстық фестиваль	облыстық	жеңіл атлетика	2023жыл	I
2	Сұлтан Бейбарыстың 800 жылдығына арналған Техникалық және кәсіптікорта білім беру ұйымдарының студенттер арасындағы облыстық «Ұлттық колледж лигасы»	облыстық	эстафета спорт түрінен қыздар арасында	2024жыл	III
3	Сұлтан Бейбарыстың 800 жылдығына арналған Техникалық және кәсіптікорта білім беру ұйымдарының студенттер арасындағы облыстық «Ұлттық колледж лигасы»	облыстық	эстафета спорт түрінен ұлдар арасында	2024жыл	III

р/с	Жарыстың атауы	Колледж жетістіктер	Жарыстүрі	Жарыстың өтілген уақыты	Орын
1	«Ұлттық ойын –халық мұрасы» спорттық ойындар жарысы	колледж	арқан тарту,ләңгі тебу,асық ату,	2024жыл	I орын 24/3 тобы II орын 24/3-1 III-24/1

5.5 Колледж жатақхана кеңесінің жұмысы

№10 Шу колледжінде әлеуметтік аз қамтылған және көп балалы отбасынан шыққан білімгерлерді тұратын орынмен қамтамасыз ету мақсатында 100 орынға арналған жатақхана жұмыс істеп тұр. Жатақхана колледж ғимаратында орналасқан.Білімгерлер үшін барлық жағдай жасалған. Тәртіпке сай сабаққа дайындалуға арналған оқу залы, ас әзірлеуге және тамақтануға арналған, тоңазытқыш, плита пештермен жабдықталған ас үйі, жуынатын бөлме, теледидары бар демалатын орынмен қамтамасыз етілген. Айына төрт рет төсек-жабдықтары ауыстырылып тұрады.

Колледж әкімшілігі тарапынан ай сайын арнайы бекітілген кестеге сай күнделікті кешкісін 19.00 – 22.00 аралығында кезекші оқытушылар оқу залында білімгерлермен бірге болып, олардың сабаққа дайындықтарын қадағалайды. Тәрбие бөлімі және топ жетекшілер тарапынан бірлескен қоғамдық – мәдени іс-шаралар жиі өткізіліп тұрады.

2023-2024 оқу жылында колледж жатақханасына50 студент өтініш жазып орыналасты.Оның ішінде 10 қыз бала, 40 ер бала.

Жатақханадағы шаруашылық жұмыстарын комендант, тәртіпті қадағалау жұмыстары бойынша вахтершілер жұмыс атқарады.

Білімгерлергежан-жақтыәлеуметтіктұрмысжағдайыжасалған.

Колледж жатақханасы қоғамдық жататын орын болғандықтан оған өте көп көңіл

бөлінеді. Сонымен қатар, жатақхана демалыс орнын, асханасын, жуынатын бөлмесін санитарлық – гигиеналық талаптарына сайжабдықталып, жатақхана іші, сырты және бөлмелердің тазалығын, мүліктердің сақталуын және төсек-жабдықтарының уақытылы ауыстырылып отыруын үнемі қадағалау жолға қойылған.

Қысқы және жазғы демалыс кезеңдерінде бөлмелерді ағымдық жөндеуден өткізу және жатақхана бөлмелерін жылу беру кезеңіне дайындау колледж тарапынан жүргізіліп отырды.

Жыл басында тәрбие жұмысының жоспары бекітіліп, білімгерлер кеңесі сайланып, білімгерлер жатақхана және колледждің ішкі тәртіп ережелерімен таныстырылды.

Жатақханадағы білімгерлер бос уақыттарында жоспарланған әр түрлі іс-шараларға қатысып отырады. Тәрбие және мәдени-көпшілік жұмыстар жатақханада өз деңгейінде жүріп отырады.

Әлеуметтік - педагогтың ұйымдастыруымен жоспарға сәйкес кеңес отырысы жүргізіліп, оқу залы ағымдағы басылымдар және кітаптармен толықтырылып отырды.

Білімгерлерге демалып, сабақ даярлау үшін барлық жағдай жасалынған. Жатақхана білімгерлері үнемі қоғамдық іс-шараларға тартылып отырады.

Жатақхана білімгерлеріне 2023-2024 жылдың қыркүйек – желтоқсан айы аралығында кезекшілік мұғалімдер тарапынан үнемі азық-түлікпен қайырымдылық жасалып тұрады.

5.6 Жастар ісі жөніндегі комитетінің 2023-2024 оқу жылында атқарған жұмысы

Қазақстан болашағы – жастар. Жастар - өткен заманның айнасы, келешектің нысанасы. Жастарға қарап біз алдымыздағы болашақты болжаймыз.

Қазіргі кезде жастарды тәрбиелеу ең күрделі әлеуметтік мәселе қатарына жатады. Себебі біліктілігі жоғары мамандар дайындау дегеніміз - оқуды ғана жақсы жолға қою емес, сонымен қатар тәрбие жұмыстарын да дұрыс ұйымдастыру, білімгерлердің өз күштерін іске асыруына мүмкіндік беру және де бос уақыттарын тиімді пайдалануды ұйымдастыру.

Осыған байланысты біздің колледжімізде білімгерлердің сабақтан тыс уақытын тиімді және жан-жақты ұйымдастыру мақсатында клубтар мен үйірмелер және спорттың түрлерінен секциялар жұмыс жүргізеді. Бұл үйірмелер мен секцияларға колледж білімгерлерінің 60-65 пайызы тартылған.

Осы клубтар мен үйірмелердің тиімді жұмыс істеуінің арқасында колледж білімгерлері мен оқытушыларының бірлесе отырып жастар тәрбиесін қалыптастыру және патриоттық тәрбиені жақсарту мақсатында жоспарланған мәдени іс-шаралары өз деңгейінде өткізілуде.

№10 Шу колледжі жастар ісі жөніндегі комитетінің 2023-2024 оқу жылындағы атқарған жұмыстары туралы айта кететін болсам, төмендегідей кестеде көрсетілген іс-шаралар өткізілді.

«1-қыркүйек білім күніне» арналған салтанатты жиын өткізілді.

1 курс білімгерлері іріктеліп, жалпы колледждің студенттік парламент құрамына жасақталды, студенттік парламент ережесіне сәйкес жалпы білімгерлердің 75% құрады. Қыркүйек айында «Студенттік парламент» білім алушылардың өзін-өзі басқару ұйымы комитеті сайланып, 204 «тігін өндірісі» тобының білімгері Бимағамбет Жақсылық Парламент президенті болып бекітілді. Сайлау барысында білімгерлер Президент жолдауымен жан-жақты танысты. Оқу жылының басынан өткізілген іс-шаралардың тізімі:

Қыркүйек айында "Ардагерлерді ардақтайық" тақырыбында жалғызбасты қарияларға үй шаруасына қол ұшын созу үшін колледжіміздің еріктілер тобы жинақталды.

29.09. «Қарттар күні» мерекесіне орай колледж белсенділерімен Қарауылова Нұрилла апамызға сый тарту етілді.

05.10. «Мұғалімдер» күніне арналған салтанатты іс-шара ұйымдастырылды.

20.10. «ТОР 100 студенттер колледжей Республики Казахстан» атты жобаға 3 курс студенті Бимағамбет Жақсылық қатысты.

23.10. Республика күніне орай «Қыран елім Қазақстаным» атты жалпы республикалық акция аясында колледждің 1-3 курс студенттері арасында салтанатты кеш өткізілді.

24.10. «Республика күні-Ұлттық мереке» атты салтанатты кеш өткізілді.

Қараша айында колледждің 1-2 курс студенттерімен «Аяулы күз-Алтын күз» мерекесі атап өтілді.

16.11.«Жұмыс беруші күні» мерекесіне арналған іс-шара өткізілді.

17.11. «Халықаралық студенттер күні» мерекесіне арналған іс-шара өткізілді.Белсендіаралығындағы 1-3 студенттер марапатталды.

14.12. Колледждің Студенттік парламент ұйымының белсенділері 16-желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай кеш өткізді.

29.12. «Жаңа жыл кеші көңілді!» Студенттер арасында балмаскарад.

14.02. «Ардагерлерді ардақтайық» атты акциясы аясында ардагерлердің үйлеріне барып,есік алдындағы қарлары шығарылды.

01.03. Алғыс айту күніне орай студенттік парламент мүшелері бейне құттықтау түсірді.

15.03. «Армысың Өз -Наурыз» тақырыбында мерекелік кеш ұйымдастырылды.

06.05. Отан қорғаушылар мерекесіне орай меркелік сазды кеш өткізілді.

01.06. Балаларды қорғау мерекесі қарсаңында,аудандық саябақта балаларға тегін балмұздақ таратылды,

Қорыта айтқанда, жастар ісі бойынша жоспарға сай бекітілген іс-шаралардың барлығы атқарылды. Сонымен қатар, жоспардан тыс аудан көлеміндегі «Жастар ресурстық орталығы» ұйымдастырған іс-шараларға колледждің «Студенттік парламент» ұйымы үнемі қатысып отырды. «Жасыл ел» қоғамдық жұмысы бойынша жасақ құрылып, ағым бойы колледждің 1-3 курс студенттері сабақтан тыс уақыттарында ақылы жұмыс істеді. Жоспарға сәйкес жарты жылдықта 11 іс-шара, жоспардан тыс бірнеше іс-шара өткізілді. Қыркүйек-маусым айлары аралығында көше мен қоғамдық орындарда жасалатын қылмыстардың, сондай ақ адам өмірі мен денсаулығына қол сұғушылықтың алдын алу бағытында мобильдік топ құрылып, түнгі 21:00 – 01:00 аралығында рейдтік іс шаралар ұйымдастырылды. Әрбір өткізілген іс-шаралардың суреттері мен ақпараттары колледждің әлеуметтік желісіне салынып отырды.

5.7 Дебат клубының жұмысы

Оқу жылының басында Дебат клубының жоспары бекітіліп, мақсаттары қойылды. Бұл клубтың басты мақсаты: білімгерлердің интеллектуалдық деңгейін көтеру, саяси мәдениет, саяси сана деңгейін көтеру, өз ойларын еркін айтуға баулу, логикалық ойлау қабілетін, шешендік өнерін дамыту 2023-2024 оқу жылында дебат клубының жұмысына негізінен 1-2 курс білімгерлері қатысты. Өткен жылдарға қарағанда клубқа қатысатын білімгерлердің ой-өрісі, тіл өнері сәл өзгерістер бар. Биылғы оқу жылының бірінші жарты жылдықта 1 рет, екінші жарты жылдығында 2 рет дебат ойындары өткізілді.

«Парасат» дебат клубының жетекшісі З.Устаева ұйымдастыруымен «Менің жетістігім –менің нәтижем» және «Адамды пара алуға не мәжбүр етеді?» тақырыбында дебат өткізілді. Студенттердің ой өрісін, сөйлеу мәнерін шыңдау мақсатында ұйымдастырылған бұл пікірсайыста ойын мүшелері ойларын ортаға салып, дәлелдей алды.

5.8 Қамқоршылық кеңесі жұмысының орындалуы

Білім беру ұйымдарында қамқоршылықкеңесіжұмысы ұйымдастырылған. 2023-2024 оқу жылына жоспарланған жоспар бойынша барлыққабылданған іс-шаралар мәжіліс отырыстары өтілді. Кеңес отырысындақамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарын бекіту және кеңес мүшелері арасында өзара міндеттерді бөлу

Мамандықтар бойынша оқу шеберханалары мен зертханалардыңқұрал-жабдықтармен қамтылуы және оқу үрдісінде қолданылуы, колледж инспекторының жұмысы,«Жас маман» жобасын іске асыруда қабылданған іс-шаралардың орындалу барысы, оқу орнының материалдық базасын нығайту бойынша бюджеттік және ақылы негізде бөлінген қаржыландыру, дуальдыққыту жүйесі бойынша оқу үрдісінің ұйымдастырылуы және студенттердің оқу өндірістік іс- тәжірибелерін өткізуде әлеуметтік серіктестерімен жасалған

келісім шарттардың орындалуы, құқықтық тәрбие және тәртіп бұзушылықтың алдын алуда атқарылған жұмыстары сияқты кеңес отырыстарында сұрақтар қамтылып талқыланды.

6 « ЖАСЫЛ ЕЛ » бағдарламасы

№10 Шу колледжінің білімгерлері жасыл ел бағдарламасы бойынша қазан, қараша, сәуір, мамыр айларында 28 білімгер жұмыс жасап ай сайын жалақысын алып отырды.

Жасыл ел	2022-2023	2023-2024
	31 студент	28 студент

6.1 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ «ТІЛ ТУРАЛЫ» ЗАҢНЫҢ Орындалуы бойынша және үш тілде білім берудің ахуалына баға беру мақсатында атқарылған іс-шаралар

ҚР-ның «Тіл туралы заңының» орындалуы колледждің жылдық жоспарына енгізілген. «Тіл туралы заңның» орындалу барысында іс қағаздардың мемлекеттік тілде жүргізілуі, жаңа технологияны қолдана отырып, тілдерді оқыту барысында сапалы нәтиже көрсету, дарынды студенттердің шығармаларын колледжішілік, аудандық, облыстық газеттерге жариялау, баспа сөз беттерінде жарық көрген жаңа заң, мақалалармен танысып, әдістеме кеңесінде жариялау, ақын-жазушылардың мерейтойларын атап өту, ай сайын колледжде кітап көрмесін ұйымдастыру, тіл мамандарының уақытылы курстардан өтуі, колледж әкімшілігі мен бірлесе отырып қоғамдық жұмыстар жүргізу т.б. Колледждегі мәдени шаралар мемлекеттік тілде және орыс тілінде жүргізіледі. Тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның негізгі талабы білім сапасын арттыру болып табылады. Ал білім сапасын көтеру- студенттің білімін жоғары деңгейге көтеру осы мақсаттарды алға қоя отырып, жаңа технологиялардың қолданылуын, тәжірибе алмасу, тіл мамандарының күнделікті жұмыстары болып табылады. Колледждің жұмыс жоспарында тіл мәртебесін көтеру саласында көптеген іс-шаралар жоспарланған. Тілдер мерекесінің он күндігіне байланысты 8 іс-шара жоғары деңгейде өтілді.

Әлеуметтік серіктестік және оқу – өндірістік іс – тәжірибелердің ұйымдастырылуы

Колледж базасында 17 жалпы білім беретін және арнайы пән оқу кабинеттері, 2 зертхана, 6 шеберхана жұмыс жасайды. Шеберханалардың материалдық-техникалық базасы талапқа сай жасақталған. Құрал-жабдықтар мен станоктар сонымен қатар ауыл шаруашылығы мамандығы бойынша техникалармен агрегаттар заманауи. Шеберлердің жұмыс жоспарлары, паспорттауы мен өткізу- қабылдау актілері бекітілген. Сонымен қатар, барлық зертханаларда өткізілетін зертханалық жұмыстарға студенттерді жіберу жөніндегі ТҚ журналдары арналып, беттеліп, түптеліп, арнайы қолмен, мөрмен рәсімделіп қойылған. Барлық оқу кабинеттері мен оқыту шеберханаларында ТҚ ережесі мен мүліктер тізбесі жасалынып, бекітілген.

Оқу тәжірибелерін мекемелермен байланыстыру

Студенттердің іс-тәжірибелік дағдыларын қалыптастыруда оқу процесінің кестесіне сәйкес, оқу-танысу тәжірибелерінің бірінші бөлігі колледжбен 3-жақты келісім-шартқа отырған мекемелердің құрылымдары, өндіріс алаңдары мен нысандарының механикалық цехтарының, техникалық қызмет көрсету орталықтарының жұмыстары таныстырылса, тәжірибенің екінші

бөлімінде мамандықтар бойынша алынған заманауи қондырғыларды орналастыруда, іске қосуда жүргізіліп жатқан жұмыстармен таныстырылды.

2023-2024 оқу жылының оқу процесінің кестесіне сәйкес барлық өндірістік, технологиялық іс-тәжірибелерін сапалы өткізу мақсатында келісім-шарттар жасалған. 07160600 «Теміржолдың вагондар мен рефрижераторлы жылжымалы құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету» 1 мамандық 1 біліктілік бойынша 19 студент, «Қамкор Локомотив» жөндеу зауытымен өндірістік және кәсіптік тәжірибеден өтуге 19 студентпен 2 жақты келісім шарт жасалған. Барлық өндірістік тәжірибелерін өту аралығында жүргізілетін «Кәсіптік практиканың жұмыс жоспар-кестесі» мен «Кәсіптік практикадан өтуі туралы күнделік есеп» және жолдама ҚРБЖҒМ 2016 жылғы 29 қаңтардағы №107 бұйрығының 1-ші, 2-ші, 3-ші қосымшаларында көрсетілген үлгілік талаптар негізінде жүргізіледі. Ал дуальды оқыту технологиясымен 2023-2024 оқу жылына 7 мамандықтың 10 біліктілігі бойынша оқып жатқан 206 студентпен 10 топ 23 мекеме арасында 3-жақты келісім- шарттар жасалған олар облыстық кәсіпкерлер палатасымен тіркелген. Барлық келісім-шарттар дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидалары негізіндегі ҚРБЖҒМ 2016 жылғы 21 қаңтардағы №50 бұйрығы негізінде жасалып, барлық талаптар осы бұйрық негізінде орындалады

ТЕХНИКАЛЫҚ ҮЙІРМЕЛЕРДІҢ ЖҰМЫСТАРЫ

Студенттердің кәсіби шеберлігін шындауда колледжде 2023-2024 оқу жылына 8 мамандықтан 6 техникалық үйірмеге 65 студент тіркелген. Олар 6 арнайы пән оқытушылары мен оқыту шеберлеріне бекітілген. Барлық үйірме жұмыстарының мақсаты, міндеті, нәтижесі Worldskills Kazakhstan чемпионатының тапсырмалар ындағы 1-ші, 2-ші модулдеріне, зертханалық жұмыстарға және өнертапқыштыққа бағытталған.

№	Үйірме жетекшісі аты-жөні	Үйірме атауы	Студент саны
1	Абдубаитова Б	«Тәтті тағам»	12
2	Толашева Р	«Шебер қолдар»	10
3	Омарова Т	«Тәтті тоқаш»	11
4	Монтыбай А	«Көрікті шаш»	12
5	Кулыбекова Ж	«Металл дәнекерлеу»	12
6	Медетбекова М	«Сән әлемі»	13
			65

Техникалық үйірме жұмыстарының нәтижесінде колледждің мамандық бойынша жасалатын көрмелерге қойылатын заттардың саны артты. Студенттердің мамандыққа қызығушылығы артып, өз мамандығы бойынша дағдылануға мүмкіндігі артты.

«ЖАС МАМАН» ЖОБАСЫ БОЙЫНША АЛЫНҒАН ҚОНДЫРҒЫЛАРМЕН ЖҰМЫС

2021 жылы материалдық-техникалық базаны нығайту мақсатында «Жас маман» жобасы аясында «Ауылшаруашылығын механикаландыру» мамандығы бойынша қажетті станоктар слесарлық кабинетке жабдықталып, техникалармен агрегаттар, өткен жылы жаз айларында салынған техника тұрағы боксқа (ангар) кіргізілді. Колледждің оқыту шеберханасы өткен жылы жаз айларында оқыту шеберлерінің, жұмысшылардың қатысуымен оқыту шеберхана толық жөндеуден өткізілді. 2023 жылы ресми түрде «Жас маман» жобасы аясында күзіреттілік орталығының ашылуы болды. № 10 Шу колледжінің ішінен ашылған айтулы нысанға Жамбыл облысы білім басқармасының басшысының орынбасары Мұхит Нысанбаев,

Шу ауданының аудан әкімі Бақытжан Жәнібеков, «Қызылша жер» ЖШС басшысының орынбасары Алимжан Акаев және колледж ардагерлері мен ұстаздары қатысты. «Жас маман» жобасы алдағы уақытта «Ауылшаруашылығы механикаландыру» құзіреттіліктері бойынша алынған станоктар мен техникаларды оқу процесінде зертханалық-практикалық сабақтарға пайдалана отырып, студенттер **өнімдерін шығаруға** және **қызметкөрсету** бағытында жоспарлар жасалынды.

КОЛЛЕДЖІШІЛІК, ӨНІРЛІК ЧЕМПИОНАТТАР ӨТКІЗУ, ҚАТЫСУ

Шеберханада студенттердің тәжірибелік білімін көрсететін «Worldskills» колледжішілік чемпионатын өткізу дәстүрлі жолға қойылған. Ал оған колледждегі 11 құзіреттіліктер бойынша студенттердің дайындығына Worldskills дағдыларын игеру мақсатында үйірме жұмыстарына арналған шеберханалар мен зертханалар жұмыс жасайды. «WorldSkills Jambul-2024» өңірлік чемпионатына колледжде өтетін «Тамақатандыруды ұйымдастыру», «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу», «Дәнекерлеу ісі», мамандықтары бойынша материалдары мен құрал-саймандарға, керек-жарақтарға сұраныс беріліп, алынып, өңірлік чемпионат барысында пайдаланылды.


Worldskills college-2024 және Worldskills Jambul- 2023 Жетістіктері

2024 жылдың 4 сәуір күні №10 колледжінде дәстүрлі «Worldskills college-2024» 6 құзіреттіліктен колледжішілік чемпионаты өтті. 18 қатысушыны мекемелерден шақырылған 6 Бас сарапшы, мен колледжден бекітілген 7 сарапшы қадағалады. 2024 жылдың мамыр айының 15-17 күндері аралығында өткен «WorldSkills Jambul-2024» өңірлік чемпионатына колледжден 5 құзіреттіліктен 6 студентіміз қатысып, Увалиева Дильназ «WorldSkills Jambul-2024» облыстық чемпионатында «Наубайшы ісі» құзыреттілігі бойынша ІІІ орын иеленген марапатталады. Бақтығұлұлы Ақілеске «WorldSkills Jambul-2024» облыстық чемпионатында «Сән технологиясы» құзыреттілігі бойынша қатысқан беріледі. Назарбекұлы Айдос «WorldSkills Jambul-2024» облыстық чемпионатында «Дәнекерлеу технологиясы» құзыреттілігі бойынша қатысқан беріледі. Сейдуалы Жансая «WorldSkills Jambul-2024» облыстық чемпионатында «Наубайшы ісі» құзыреттілігі бойынша қатысқан беріледі. Елубай Әсел . «WorldSkills Jambul-2024» облыстық чемпионатында «Аспаздық ісі» құзыреттілігі бойынша қатысқан беріледі.

ӨНДІРІСТІК ТӘЖІРИБЕЛЕРДІҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ


Жалпы колледж бойынша 2023-2024 оқу жылының 1 семестрге 18 топта 7 оқу, 11 өндірістік оқыту, 11 кәсіптік тәжірибесі өтті. Дуальды оқыту технологиясымен 2023- 2024 оқу жылының басында 7 мамандықтың 10 біліктілігі бойынша оқып жатқан 219 студентпен 23 Мекеме арасында 3-жақты келісім-шарттар жасалған. Жалпы дуальды оқыту бойынша пайыздық көрсеткіш 60 пайызды көрсетіп отыр, Барлық келісім-шарттар дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидалары негізіндегі ҚРБЖҒМ 2016 жылғы 21 қаңтардағы №50 бұйрығы негізінде жасалып, барлық талаптар осы бұйрық негізінде орындалады. Кәсіптік тәжірибеге келетін болсақ, жалпы колледж бойынша оқу процесінің кестесіне сәйкес барлық өндірістік, кәсіптік тәжірибелер «Кәсіптік практиканың жұмыс жоспар- кестесі» мен «Кәсіптік практикадан өтуі туралы күнделік есеп» және жолдама ҚРБЖҒМ 2016 жылғы 29 қаңтардағы №107 бұйрығының 1-ші, 2-ші, 3-ші қосымшаларында көрсетілген үлгілік талаптар негізінде жүргізіледі.

9.1 ОҚУ-ӨНДІРІСТІК ТӘЖІРИБЕЛЕРІНІҢ ЖЫЛДЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ



2022-2023 оқу жылы Үлгерім: 100% Сапа- 95,3% Орташа балл - 4,1
2023-2024 оқу жылы. Үлгерім: 100% Сапа- 92%. Орташа балл - 4,0

Өндірістік оқыту әдістемелік тәжірибе



2022-23 оқу жылында: Үлгерім: 100% Сапа- 96,8 %. Орташа бал – 4,1
2023-24 оқу жылында: Үлгерім: 100% Сапа- 96,8 %. Орташа бал – 4,1

МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІКТІЛІК ЕМТИХАНДАРЫМЕН ДИПЛОМДЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ҚОРҒАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

2023 – 2024 оқу жылына мамандықтар бойынша Мемлекеттік біліктілік емтихан тапсыру үшін комиссия құрамы бекітілді. Сонымен қатар демонстрациялық емтихан колледж директорының 22.05.2024 жылғы № 27 н/қ –қ -4 бұйрығы негізінде тапсырылды. Мемлекеттік біліктілік емтихандары колледж бойынша 5 мамандық бойынша өткізілді. Оның ішінде: мемлекеттік біліктілік емтихандары 5 мамандықтан 61 студент, демоемтихан 5 мамандықтан 40 студент жіберіліп, барлығы -101 студент жіберілсе, қорытындысында 1 студент емтиханға қатыспады.

2023-24 оқу жылында

Үлгерім: 96% Сапа- 89% Орташа бал – 3,9.

№	Тобы	саны	5	4	3	2	Үлгерім	сапа	орта бал	Тапсырмаған дар
1	211 топ	20	1	19	-	-	100	100	3,8	
2	212 топ	19	4	15	-	-	100	100	4,2	
3	213 топ	22	-	22	-	-	100	100	4	
4	214 топ	18	2	13	2	-	77	94	3,5	Фермебек А
5	215 топ	22	5	10	7	-	100	68	3,3	
		101	12	79	9	-	95	94	3,8	

БІТІРУШІ КУРС БІЛІМГЕРЛЕРІН АЛДЫН АЛА ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

Колледжде жылда бітіруші түлектер арасында диплом иесі атанғаннан кейін өз мамндығының иесі атану мақсатында колледжде жоспарға сәйкес іс-шаралар тізбесі өткізіледі. Атап айтатын болсақ мансап орталығының мамандары кәсіпкерлер палатасының және «Жастар» ресурстық орталығының басшысы, қала әкімінің қатысуымен жоспарлы түрде кездесулер болып отырады. Бітіруші түлектерді жұмысқа тарту мақсатында «Жастар тәжірибиесі» «Қоғамдық жұмыс»,

«Алғашқы жұмыс орны» мемлекеттік бағдарламалардың бар екенін алға тартып студенттерге үгіт-насихат жұмыстары жүргізіліп отырады.

ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ЖҰМЫСТАРЫ

Колледжде қамқоршылық кеңесі жұмысы ұйымдастырылған. 2023-2024 оқу жылына жоспарланған жоспар бойынша барлық қабылданған іс-шаралар кеңес отырыстары өтілді. Кеңес отырысында қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарын бекіту және кеңес мүшелері арасында өзара міндеттерді бөлу қарастырылған.

Мамандықтар бойынша оқу шеберханалары мен зертханалардың құрал-жабдықтармен қамтылуы және оқу үрдісінде қолданылуы, колледж инспекторының жұмысы, «Жас маман» жобасын іске асыруда қабылданған іс-шаралардың орындалу барысы, оқу орнының материалдық базасын нығайту бойынша жұмыстар, дуальды оқыту жүйесі бойынша оқу үрдісінің ұйымдастырылуы және студенттердің оқу өндірістік іс- тәжірибелерін өткізуде әлеуметтік серіктестерімен жасалған келісім шарттардың орындалуы, құқықтық тәрбие және тәртіп

бұзушылықтың алдын алуда атқарылған жұмыстары сияқты кеңес отырыстарында сұрақтар қамтылып талқыланды.

КОЛЛЕДЖІШІЛІК БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ТЕКСЕРУ ЖҰМЫСТАРЫ

Педагогикалық кеңестің жұмысы

2023-2024 оқу жылында жоспарланған 5 кеңестің отырысы өтті.

Педагогикалық кеңестің күн тәртібінде негізінен мына мәселелер қаралды:

- оқу орнының материалдық-техникалық базасын нығайту;
- оқу пәндерінің оқу-әдістемелік кешендік құжаттармен қамтылуы;
- оқу-тәрбие және мәдени-көпшілік жұмыстары;
- білімгерлер арасында тәртіп бұзушылықтың алдын алу және олардың құқықтық сауаттылығын көтеруді ұйымдастыру жұмыстары;
- оқу үрдісінде оқытудың инновациялық технологияларын енгізу;
- қашықтықтан және дуальды оқыту технологияларын енгізу және олардың әдістемелік-техникалық базасын қалыптастыру;
- әлеуметтік әріптестік аясында өндіріс орындарында жүргізілетін технологиялық іс-тәжірибелердің сапасы;
- Білімгерлер мен оқытушылар арасында саламатты өмірді қалыптастыруда қабылданған іс-шаралардың орындалуы;
- Білімгерлердің күзгі және жазғы семестрдің қорытындысы бойынша оқу үлгерімі және сапасы;

«Педагогикалық кеңестердің күн тәртібіндегі жоспарланған сұрақтар толығымен қаралып, тиісті шешімдер қабылданды.

Колледжішілік бақылау және тексеру

Есепті кезеңде колледжішілік бақылау және тексеру жұмыстары ҚР «Білім туралы» Заңы мен ҚР Президентінің «Мемлекеттік кәсіпорын туралы» Заң күші бар Жаралығын басшылыққа ала отырып жүргізілді. Колледжішілік бақылау және тексеру жұмыстарының негізгі мақсаты ҚР «Білім туралы» Заңының орындалуын және оқу-тәрбие жұмыстары бойынша қабылданған іс-шаралардың өз деңгейінде сапалы жүргізілуін қамтамасыз ету.

Осы мақсатта оқу жылының басында барлық деңгейде колледжішілік бақылау жұмыстарының жоспары жасалынып бекітілді. Жоспарда педагогикалық және әдістемелік кеңестердің отырысы, арнайы жалпы білім беру пәндері бойынша апталықтар, ашық сабақтар, тәрбие сағаттары мен спорт секцияларының жұмысын, циклдік-әдістемелік комиссияларға бекітілген оқу пәндерінің оқу әдістемелік кешендік құжаттармен қамтылуын, оқу сағаттарының сапалы өтуін, оқушылардың өзара сабақ қатысуын, білімгерлердің модульдік рейтингтік бақылау негізінде жүргізілген шектік, аралық және қорытынды аттестациялары бойынша оқу үлгерімі мен сапасын жақсартуды, оқу журналдарының талапқа сай толтыруын, оқу-өндірістік, технологиялық іс-тәжірибелерінің ұйымдастырылуы және сапалы өтуін қамтамасыз етуді, оқу кабинеті мен зертханалардың жабдықталуы, жатаханада тұратын білімгерлердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын, оқушылар арасында тәртіп бұзушылықтың алдын-алу мақсатында қабылданған іс-шаралардың орындауын және оқу бөлімдерінің білімгерлер контингентінің қалыптастыруда және сақтауда жүргізіліп жатқан жұмыстарды тексеру және бақылау қарастырылды.

2023-2024 оқу жылында колледжішілік бақылау жұмыстарын тиімді ұйымдастырып жүргізу мақсатында 5 педагогикалық және 5 әдістемелік кеңестер, 6 директор жанындағы кеңес өткізілді. Өткізілеген кеңестермен мәжілістерде нақты шешімдер қабылданып анықталған кемшіліктерді жоюда тиісті іс -шаралар қабылданды.

ҚОРЫТЫНДЫ:

Колледж ғимараты 1989 жылы қаланған, сыйымдылығы 480 балаға арналған. Жамбыл облысы Әділет департаментінің Шу ауданының Әділет басқармасымен берілген №214-1919-(11-МК заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлікке сәйкес, сериясы "В", 2008 жылғы 02 ақпандағы № 0655440 колледж Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының «№10 Шу колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны атауын алды.

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы» және «Білім туралы» Заңдарына Жамбыл облысының әкімдігі 2012 жылғы 28 маусымдағы №198 қаулысына сәйкес Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «№10 кәсіптік лицейі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының жарғысына Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының «№10 Шу колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны болып ауыстырылды.

2023-2024 оқу жылында жүргізілген оқу –әдістемелік, ғылыми – шығармашылық және тәрбие жұмыстарының қорытындысы бойынша төмендегі аталған жетістіктерге қол жеткізілді:

-2023 жылы қыркүйек айында «ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН: САПАЛЫ БІЛІМ, АДАЛ ҰРПАҚ, ТАБЫСТЫ ҰЛТ» тақырыбында өтілген Бірыңғай Республикалық білім қызметкерлерінің тамыз педагогикалық кеңесінде №10 Шу колледжінің директордың оқу өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары Динара Омарова, өндірістік оқыту шеберлері Устемирова Кулаш білім саласында елеулі еңбек жасағандары үшін облыс әкімінің Құрмет грамотасы және өндірістік оқыту шебері Оспанбеков Айбол алғыс хатпен марапатталды.

-2023 жылы «Тағылым», «Қазақ білімі» республикалық ғылыми-әдістемелік журналының дамуына үлес қосып, ат салысқаны үшін арнайы пән оқытушысы Джумабаева Перизат алғыс хатпен марапатталды.

-2023 жылы Төле бидің туғанына 360жыл толуына байланысты «Төле би Әлібекұлы-қазақтың данағөй абызы»атты облыстық тәжірибелік конференцияда арнайы сертификатпен тарих пәні оқытушысы Кулыбекова Жанар Мадетхановна, қазақ тілі пәнінің оқытушысы Устаева Зауре Связхановна марапатталды.

-2023 жылы ҚР Оқу ағарту министрі Ғани Бейсембаевтың алғыс хатымен колледжіміздің ардагер ұстаздары Шалгынбай Малдыбаев, Кузербасев Истлеу Салмакбаевич, Жолдыбаева Баршакул Төлеуовна марапатталды.

-2023 жылы ауданның жастар саясатын іске асыру мақсатында ұйымдастырылған шараларда белсенділік танытып, жастар арасында өткізілген қоғамдық шараларға үлес қосқаны үшін директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Бірімбай Салтанат Ерланқызы Шу ауданы әкімі Б.Жәнібековтің алғыс хатымен марапатталды.

-2023 жылы Бір ел-бір кітапреспубликалық акциясы аясында қазақ жазушысы, драматург, қоғам қайраткері Төлен Әбдіктің шығармаларына арналған колледждің кітапханашылары арасында өткен челленджіне қатысқаны үшін кітапханашы Танабаева Шынар алғыс хатпен марапатталды.

-2023 жылы мамандық бойынша білім мен практикалық дағдыларды жетілдіру жолдары тақырыбындағы облыстағы колледждердің арнайы пән оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлеріне арналған облыстық семинар-практикумына қатысқаны үшін Сагинбекова Айнура сертификатпен марапатталды.

-2023 жылы ағылшын тілін оқытудағы белсенді әдіс-тәсілдер тақырыбында колледждің ағылшын тілі пәнінің педагогтеріне арналған облыстық семинар-практикумына қатысқаны үшін ағылшын тілі пәнінің оқытушысы Монтыбай Ақбота сертификатпен марапатталды.

-2024 жылы Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының арнайы пән оқытушылары арасында облыстық «САБАҚ FEST» ашық сабақтар фестиваліне қатысқаны үшін Джумабаева Перизат Кундызбековна алғыс хатпен марапатталды.

-2024 жылы Ұлылар үндестігі тақырыбындағы техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттері арасындағы облыстық байқауында жетекшілік жасағаны үшін Устаева Зауре алғыс хатпен марапатталды.

-2024 жылы Арқан тартыстан 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына орайластырылған Жамбыл облысы жарысында III орын алған үшін дене тәрбиесі пәнінің оқытушысы Махамадиева Айгерим марапатталды.

-2024 жылы Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің –Елбасының тестілерінің облыстық чемпионатында III орын иеленгені үшін дене тәрбиесі пәнінің оқытушысы Махамадиева Айгерим марапатталды.

-2024 жылы Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты Сізге қазақ қызына тән мінез-құлықты, көркемдік талғамды қалыптастыру мен ұлттық салт-дәстүрді насихаттау, дарынды жастарға қолдау көрсету мақсатында Жамбыл облысының 85 жылдығына орай Жоғары және орта кәсіптік оқу орындары студент қыздарының арасында өткен облыстық «Үкілі ару-2024» сұлулық байқауына білім ордаңыздың ару қызының қатысуына ықпал еткеніңіз үшін колледж директоры Мусаева Токжан алғыс хатпен марапатталды.

-2024 жылы Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты Сізге қазақ қызына тән мінез-құлықты, көркемдік талғамды қалыптастыру мен ұлттық салт-дәстүрді насихаттау, дарынды жастарға қолдау көрсету мақсатында Жамбыл облысының 85 жылдығына орай Жоғары және орта кәсіптік оқу орындары студент қыздарының арасында өткен облыстық «Үкілі ару-2024» сұлулық байқауына қатысушы үміткерді жоғары деңгейде дайындағаныңыз үшін колледжіміздің жастар ісі жөніндегі инспекторы Кулыбекова Жанар Мадетхановна алғыс хатпен марапатталды.

-2024 жылы Жошы билігінің 800 жылдық мерей тойына орай ұйымдастырылған облыстық «Жошы ұлысы және Сарайшық-Қазақ мемлекеттілігінің бастауында» тақырыбындағы ғылыми-практикалық конференцияға қатысқаны үшін әдіскер Шаймаханова Сауле, тарих пәні оқытушысы Андакулова Алия алғыс хат және сертификаттармен колледж директоры Мусаева Токжан Тохтарбаевна, тарих пәні оқытушылары Кулыбекова Жанар Мадетхановна, Медетбекова Мария Жангархановна, қазақ тілі пәнінің оқытушылары Жұмырбаева Айнур Топарбаевна, Устаева Зауре Связхановна марапатталды.

-2024 жылы ҚР Тұңғыш Президентінің-Елбасының тестілерінің облыстық чемпионатында III орын иеленгені үшін Махамадиева Айгерим марапатталды.

-2024 жылы Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының өндірістік оқыту шеберлері арасында өткен облыстық «Өндірістік оқытудың үздік шебері-2024» кәсіби шеберлік байқауына қатысқаны үшін Жасыбаева Кундузай Досжановна алғыс хатпен марапатталды.

-2024 жылы Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары арасындағы «Үздік кәсіби бағдар беруші-2024» облыстық бейнероликтер байқауында II орын иеленген үшін Кулыбекова Жанар Мадетхановна марапатталды.

-2024 жылы «WorldSkills Jambyl-2024» облыстық чемпионатын өткізу мен ұйымдастыру жұмыстарына белсенді үлес қосқаны үшін наубайшы мамандығының өндірістік оқыту шебері Бухаева Толғанай Жайырбекқызы алғыс хатпен марапатталды.

-2024 жылы «WorldSkills Jambyl-2024» облыстық чемпионатын өткізу мен ұйымдастыру жұмыстарына белсенді үлес қосқаны үшін наубайшы мамандығының өндірістік оқыту шебері Жасыбаева Кундузай Досжановна алғыс хатпен марапатталды.

-2024 жылы «WorldSkills Jambyl-2024» облыстық чемпионатын өткізу мен ұйымдастыру жұмыстарына белсенді үлес қосқаны үшін аспаз мамандығының өндірістік оқыту шебері Байрамова Халида Рамазановна алғыс хатпен марапатталды.

-2024 жылы «WorldSkills Jambyl-2024» облыстық чемпионатын өткізу мен ұйымдастыру жұмыстарына белсенді үлес қосқаны үшін тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу мамандығының өндірістік оқыту шебері Сагинбекова Айнура Жумахановна алғыс хатпен марапатталды.

-2024 жылы «WorldSkills Jambyl-2024» облыстық чемпионатын өткізу мен ұйымдастыру жұмыстарына белсенді үлес қосқаны үшін дәнекерлеу ісі мамандығының өндірістік оқыту шебері Оспанбеков Айбол Айдарханович алғыс хатпен марапатталды.

-2024 жылы Этносаралық және ұлтаралық келісім мен достықты нығайту жоба аясында «Бірлігіміз-әр алуандықта» атты марафонында белсене қатысқаны үшін Шу ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің басшысы Б.Туменбаевтың алғыс хатымен дене тәрбиесі пәнінің оқытушысы Махамадиева Айгерим марапатталды.

-2024 жылы Қазіргі заманғы білім жүйесі: тенденциялар, инновациялар, технологиялар тақырыбында «Төлегенов оқулары-2024» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясына қатысып арнайы сертификатпен қазақ тілі пәнінің оқытушысы Устаева Зауре Связханқызы марапатталды..

-2024 жылы Білім беру жүйесіндегі көп жылғы адал еңбегі және салалық кәсіподақ қозғалысын дамытуға қосқан зор үлесі үшін Рахимбаева Шарбаткуль алғыс хатпен марапатталды.

-2023 жылы Ауданның жастар саясатын іске асыру мақсатында ұйымдастырылған шараларда белсенділік танытып, жастар арасында өткізілген қоғамдық шараларға үлес қосып жүрген еңбегі үшін Шу ауданы әкімі Б.Жәнібеков алғыс хатымен 2 курс студенті Ермек Ернұр Айдарұлы марапатталды.

-2023 жылы ҚР мемлекеттік жастар саясатының 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына іске асыру мақсатында және 17 қараша-Студенттер күніне орай өткен «Student Fest» атты жастар балында «Кеш ханшайымы» номинациясымен Бейсен Еркеайым марапатталды. 2023 жылы ҚР мемлекеттік жастар саясатының 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру мақсатында және 17 қараша-Студенттер күніне орай өткен «Student Fest» атты жастар балында «Кеш ханзадасы» номинациясымен Жылыс Ерасыл марапатталды.

-2023 жылы ҚР Тұңғыш Президентінің –Елбасының тестілерінің облыстық чемпионатында I орын иеленгені үшін Басым Ералы марапатталды.

-2023 жылы .ҚР мемлекеттік жастар саясатының 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру және қоғам қайраткері, шешен, ұлы жүздің бас биі Төле би Әлібекұлының 360 ж орай ұйымдастырылған «Жыр арнадым Еліме» атты облыстық ақындар мүшәйрасына қатысып, өнерімен ерекшеленгені үшін Ермек Ернұр марапатталды.

-2023 жылы Сізге ҚР мемлекеттік жастар саясатының 2023-2029 ж арналған тұжырымдамасын іске асыру және Төле би Әлібекұлының 360 ж орай ұйымдастырылған «Жыр арнадым Еліме» атты облыстық ақындар мүшәйрасына қатысып, жастар саясатына қосқан үлесіңіз үшін Ермек Ернұр алғыс хатпен марапатталды.

-2024 жылы «Ұлылар үндестігі» тақырыбындағы техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттері арасындағы облыстық байқауының көркем сөз оқу бағыты бойынша қатысқаны үшін Бейсен Еркеайым Ерболқызы алғыс хатпен марапатталды.

